

Бағаларына мемлекеттік реттеу белгіленетін мұнай өнімдерінің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 8 желтоқсандағы № 183 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 12 желтоқсанда № 9959 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2025 жылғы 27 қаңтардағы № 43-н/қ бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Энергетика министрінің 27.01.2025 № 43-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 7-бабының 9) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 14.07.2022 № 240 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және күнтізбелік бір жүз сексен күн ішінде қолданылады) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған бағаларына мемлекеттік реттеу белгіленетін мұнай өнімдерінің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай өнеркәсібін дамыту департаменті:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің жетекшілік ететін вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

В. Школьник

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2014 жылғы 8 желтоқсандағы

Бағаларына мемлекеттік реттеу белгіленетін мұнай өнімдерінің тізбесі

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 11.01.2023 № 6 (10.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Аи-80 маркалы бензин, бөлшек саудада өткізу.
2. Аи-92 маркалы бензин, бөлшек саудада өткізу.
3. Аи-93 маркалы бензин, бөлшек саудада өткізу.
4. Дизель отыны (жазғы, маусымаралық), бөлшек саудада өткізу.